

«Төре балабақшасы» ЖШС ЖАРҒЫСЫ

Ақтобе қаласы,
2020 жыл

1. Жалпы ережелер

1.1. «Төре балабақшасы» Жауапкершілігі жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, одан әрі Серіктестік деп аталып, Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады.

1.2. «Төре балабақшасы» ЖШС, елу адамнан көп емес жұмысшылардың орташа жылдық санымен және жылына орташа 600 000 (алпыс мың) айлық есептік көрсеткіштен жоғары емес активтердің жалпы құнымен шағын кәсіпкерлік субъектісі ретінде құрылады.

1.3. Серіктестіктің орналасқан орны: Қазақстан, Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Дөн ауылы, Байғанин к-сі, 13А.

1.4. Серіктестіктің толық атауы: «Төре балабақшасы» ЖШС
мемлекеттік тілде «Төре балабақшасы» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі.
орыс тілінде: Товарищество с ограниченной ответственностью «Төре балабақшасы».

Серіктестіктің қысқартылған атауы:

мемлекеттік тілде: «Төре балабақшасы» ЖШС.

орыс тілінде: ТОО «Төре балабақшасы» .

1.5. Серіктестік қызметінің негізгі мақсаты жалғыз қатысушының және Еңбек ұжымының мүддесімен таза табыс алу үшін кәсіпкерлік қызмет түрлерін жүзеге асыру болып табылады.

Негізгі қызмет түрінің мән-мағынасы:

- Мектепке дейінгі (бастауышқа дейінгі) білім беру;
- Балабақша қызметі;
- Оқу, репетиторлық, тіл орталықтарының қызметі;
- ҚР қолданыстағы заңнамасымен тыйым салынбаған басқа қызмет түрлері.

Тізімі заңнама актілерімен анықталған жеке қызмет түрлерімен Серіктестік лицензия немесе рұқсат негізінде айналыса алады.

1.6. Серіктестік заңды тұлға мәртебесін мемлекеттік тіркеуден өткен уақыттан бастап алады. Серіктестік өз атынан шарттар жасайды, мүліктік және мүліктік емес құқықтар сатып алады және міндеттер көтереді, сот органдарында талапкер және жауапкер бола алады.

1.7. Серіктестік өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, және осы Жарғыны басшылыққа алады.

1.8. Серіктестіктің дербес теңгерімі, банк мекемелерінде есеп және басқа шоттары, өз атауымен мөртабаны, бұрыштама мөртабаны, фирмалық бланкілері бар.

1.9. Серіктестік өз қызметін өзін-өзі қаржыландыру және тауар-ақша қатынастарын қолдану қағидатының негізінде құрады, серіктестік өз қызметін жүзеге асыру кезінде толық шаруашылық дербестікке ие.

1.10. Серіктестік өзінің міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлкімен жауап береді. Мемлекет серіктестіктің борышы бойынша жауап бермейді. Серіктестік мемлекеттің борыштары бойынша жауап бермейді. Серіктестік өзінің қатысушыларының міндеттемелері бойынша жауап бермейді, қолданыстағы заңнамамен қарастырылған жағдайларды қоспағанда. Серіктестіктің қатысушылары оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және серіктестіктің қызметімен байланысты шығындар қатерін олармен енгізілген салымдар аумағында көтереді.

1.11. Серіктестік белгісіз мерзімге құрылады.

2. Серіктестіктің құрылтайшысы

2.1. Серіктестіктің құрылтайшысы болып табылады:

2.2. Қазақстан Республикасының азаматышасы **Молдашева арай Аманжолқызы**, 03.02.1983 жылы туған, ЖСН 830203400647, жеке бас куәлігі № 057241854, берген орган Әділет Министрлігі берілген күні 07.02.2024 жыл, тіркелген мекен жайы: Қазақстан, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Алматы, ауданы, Саяжай 263.

2.3. Серіктестік қызметін қамтамасыз ету үшін құрылтайшының салымы есебінен 200 000 (Екі жүз мың) теңге көлемінде жарғылық капитал құрылады. Серіктестіктің тіркелу уақытына дейін жарғылық капиталдың жалпы сомасының 25% төленуі керек, бірақ жарғылық капиталдың ең төмен көлемінен кем болмауы керек.

2.4. Құрылтайшының серіктестіктің жарғылық капиталындағы үлесі құрайды:

- **Молдашева А.А. – 200 000 тг. - 100%.**

- 2.5. Серіктестіктің қатысушысы жарғылық капиталдағы өз үлесін немесе оның бөлігін салымы төленген бөлігінде ғана сатуға немесе басқаша түрде беруге немесе кепілге салуға құқылы.
- 2.6. Серіктестіктің жарғылық капиталдағы үлесі немес үлес бөлігі мұрагерлерге өтеді. Үлестің өтуі және оның бірнеше мұрагерлер арасында бөлінуі қолданыстағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жүргізіледі.
- 2.7. Бірігу, қосылу немесе қайта құрылу түрінде заңды тұлға қайта ұйымдастырылған жағдайда жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталдағы қатысушының үлесі қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның құқықтық мұрагеріне өтеді.
- 2.8. Қатысушының серіктестікке пайдалануға берген мүлігі сыйақысыз қайтарылады.

3. Серіктестіктің мүлкі

- 3.1. Серіктестіктің мүлкі бастапқыда қатысушының жарғылық капиталға салымы есебінен құрылады (қатысушы салымының құрамына кіре алады: акша, бағалы қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, соның ішінде жер пайдалану құқығы және зияткерлік қызмет қорытындысына құқық және өзге де мүлік).
- 3.2. Серіктестік қатысушының ақшалай, материалдық салымдарының, шаруашылық қызмет қорытындысында алынған тауарлардың, табыстардың, және заңнамамен жол берілген өзге де негіздемелер бойынша ол алған басқа мүліктің меншік иесі болып табылады.
- 3.3. Өз шаруашылық қызметін қамтамасыз ету үшін серіктестік сатып алу-сату, жалдау, қарыз және Қазақстан Республикасының Азаматтық заңнамасымен қарастырылған басқа да келісімдерді жасауға құқылы.
- 3.4. Серіктестік орнатылған тәртіпте меншікті мүлігімен қамтамасыз етілген облигацияларды айналысқа шығаруға құқылы.
- 3.5. Кездейсоқ қаза болу немесе қатысушының серіктестікке уақытша пайдалануға берілген мүліктің бүлінуі қаупі серіктестікке жүктеледі.

4. Серіктестіктің басқару органдары

- 4.1. Серіктестіктің жоғары органы оның қатысушысы болып табылады. Қатысушының айрықша құзыретіне жатады:
- 1) Серіктестік жарғысының өзгеруі, оның жарғылық капитал көлемінің өзгеруін, орналасқан орнының және фирмалық атауының өзгеруін, немесе серіктестік жарғысының жаңа редакцияда бекітілуін қосқанда;
 - 2) Серіктестіктің атқарушы органының құрылуы және оның өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы, сонымен бірге жауапкершілігі шектеулі серіктестікті немесе оның мүлкін сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешім қабылдау және осындай түрде берудің жағдайларын анықтау;
 - 3) Серіктестіктің бақылау кеңесінің және (немесе) тексеру комиссиясының (тексерушінің) сайлануы және олардың өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы, сонымен бірге серіктестіктің тексеру комиссиясының (тексерушінің) есептемесін және қорытындысын бекіту;
 - 4) Жылдық қаржы есептемені бекіту және таза табысты бөлу;
 - 5) Бекітілуі Серіктестік жарғысымен серіктестіктің өзге органдарының құзыретіне жатқызылған құжаттардан басқа ішкі ережелерді, оларды қабылдау тәртібін және серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін басқа құжаттарды бекіту;
 - 6) Серіктестіктің өзге шаруашылық серіктестіктерге, сонымен бірге коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы туралы шешім;
 - 7) Серіктестіктің қайта ұйымдастырылуы немесе таратылуы туралы шешім;
 - 8) Тарату комиссиясын тағайындау және тарату теңгерімін бекіту;
 - 9) Серіктестіктің барлық мүлкінің кепілі туралы шешім;
 - 10) «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша шектеулі серіктестіктер туралы» ҚР Заңының 39 бабына сәйкес серіктестік мүлкіне қосымша жарналар енгізу туралы шешім;
 - 11) Серіктестік қатысушысына және үлестерді алушыларға серіктестіктің қызметі туралы ақпараттарды беру тәртібі мен мерзімін бекіту.
- 4.2. Серіктестіктің атқарушы органы серіктестіктің қатысушысымен тағайындалатын Директор болып табылады.

5. Серіктестіктің атқарушы органы

- 5.1. Серіктестікте серіктестік қызметіне ағымдағы басшылықты жүзеге асыратын атқарушы жекеше орган – Директор әрекет етеді.
- 5.2. Директор серіктестік қатысушысының айрықша құзыретіне жатқызылған сұрақтардан басқа, серіктестік қызметінің барлық сұрақтарын шешеді.
- 5.3. Директор серіктестік қатысушысына есеп береді және оның шешімдерін орындауға міндетті. Директор қатысушы үшін міндетті шешімдерді қабылдауға құқылы емес.
- 5.4. Серіктестіктің Директоры Серіктестіктің Қатысушысымен анықталған өз құзыретінің шамасында әрекет етеді.

6. Серіктестіктің қатысушысының құқықтары мен міндеттері

- 6.1. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің қатысушысы құқылы:
- 1) «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша шектеулі серіктестіктер туралы» ҚР Заңымен (одан әрі – «Заң») және серіктестік жарғысымен қарастырылған тәртіпте серіктестік істерін басқаруға қатысуға;
 - 2) Серіктестік қызметі туралы ақпараттар алуға және серіктестік жарғысымен қарастырылған тәртіпте оның бухгалтерлік және өзге де құжаттамасымен танысуға;
 - 3) Заңға, серіктестіктің құрылтайшылық құжаттарына және жалғыз қатысушының шешіміне сәйкес серіктестік қызметінен табыс алуға;
 - 4) Серіктестік таратылған жағдайда несиегерлермен есептескеннен кейін қалған мүлік құнын немесе осы мүлікті зат түрінде алуға;
 - 5) Заңмен қарастырылған тәртіпте серіктестікке қатысуын өз үлесін айыру жолымен тоқтатуға;
 - 6) Олардың Заңмен және (немесе) серіктестік Жарғысымен қарастырылған құқықтарын бұзатын серіктестік органдарының шешімдеріне сот тәртібімен келіспеуге.
- 6.2. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің қатысушысы міндетті:
- 1) Серіктестіктің жарғы және ішкі құжаттарының талаптарын сақтауға;
 - 2) Жарғымен қарастырылған тәртіпте, көлемде және мерзімде серіктестіктің жарғылық капиталына салымдар енгізуге;
 - 3) Серіктестікпен коммерциялық құпия болып жарияланған ақпараттарды жарияламауға;
 - 4) Атының, тегінің, әкесінің атының, тұрғылықты мекен-жайының, жеке басын куәландыратын құжаттың өзгергені туралы атқарушы органға жазбаша хабарлауға.
- 6.3. Серіктестіктің қатысушысында Қазақстан Республикасының заңнамасымен және серіктестік жарғысымен қарастырылған басқа құқықтары (міндеттері) болуы мүмкін (көтеруі мүмкін).

7. Табыстардың бөлінуі

- 7.1. Серіктестік табысы жылдағы жұмыс қорытындылары бойынша анықталады. Серіктестік табысы материалдық және оған теңестірілген шығындар мен еңбек ақы төлеу шығындарын өтегеннен кейін қалған қаржы-шаруашылық қызметтен түскен пайдадан құрылады. Серіктестіктің баланстық пайдасынан барлық заңнамамен орнатылған міндетті салықтар мен төлемдер төленеді. Көрсетілген төлемдерден кейін құрылатын таза табыс серіктестіктің басқаруында қалады және жалғыз қатысушының шешімі бойынша бөлінеді.

8. Серіктестіктің қорлары

- 8.1. Серіктестікте сақтаулы қор, сонымен бірге жалғыз қатысушының шешімі бойынша серіктестіктің қызметі үшін және оның еңбек ұжымының әлеуметтік дамуы үшін қажетті басқа да қорлар құрылады.
- 8.2. Сақтаулы қордың құрылуы серіктестіктің басқаруында қалатын пайдадан жыл сайынғы аударымдар жолымен, қор жарғылық капитал көлемінің 25 пайызына жеткенге дейін жүзеге асырылады. Сақтаулы қорға жыл сайынғы аударымдардың көлемі таза пайданың 5 пайызына тең орнатылады.

9. Тексеру комиссиясы

9.1. Серіктестік Директорының қызметін бақылауды жалғыз қатысушының шешімімен құрылатын тексеру комиссиясы жүзеге асырады.

9.2. Тексеру комиссиясы жалғыз қатысушымен тағайындалатын екі мүшеден тұрады.

9.3. Тексеру комиссиясының мүшелері үш жыл мерзімге тағайындалады.

9.4. Егер өз өкілеттілігінің әрекет ету мерзімі ішінде тексеру комиссиясының мүшесі немесе мүшелері қандай-да бір себеппен өз міндеттемелерін атқаруды тоқтата, жалғыз қатысушы дереу оларды ауыстырады.

10. Тексеру комиссиясының құзыреті

10.1. Тексеру комиссиясы жалғыз қатысушының тапсырмасы бойынша не болмаса өзінің ықыласы бойынша серіктестік Директорының қызметіне тексеру жүргізеді.

10.2. Тексеру комиссиясы өткізілген тексеру қорытындыларын жалғыз қатысушыға жібереді.

11. Еңбек және оны төлеу.

11.1. Жұмысшылардың серіктестікпен еңбек қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңнамасымен реттеледі.

11.2. Серіктестік өз бетінше еңбекақы төлеу түрлері мен жүйесін анықтайды, заңнамамен орнатылған жұмысшылардың еңбекақысын төлеудің ең төмен кепілін сақтай отырып, еңбек шарттарында тарифтік мөлшерлемелер мен еңбекақы көлемін қарастырады. Серіктестік ынталандырушы қосымша төлемдерді, үстеме ақыны, сыйақыны және материалдық көтермелеудің жаңа түрлерін енгізуге құқылы.

11.3. Әр жұмысшының еңбек табыстары оның жеке еңбек үлесімен анықталады, ең жоғары көлеммен шектелмейді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес табыс салығы салынады.

12. Есеп және есептеме

12.1. Қаржы-шаруашылық қызметті талдау үшін және табысты мемлекеттік бақылау үшін серіктестік өз қызметі қорытындыларының есебін жүзеге асырады, орнатылған тәртіпте есептеме жүргізеді.

13. Серіктестік қызметінің қайта ұйымдастырылу және таратылу жағдайлары

13.1. Серіктестік қызметінің тоқтатылуы қайта ұйымдастыру (қосылу, бірігу, бөліну, шығу, қайта құрылу) және тарату жолымен жүргізіледі.

13.2. Серіктестік жалғыз қатысушының шешімі бойынша, сонымен бірге қолданыстағы заңнамамен ескертілген жағдайларда сот шешімі бойынша таратылуы мүмкін.

13.3. Серіктестіктің таратылуы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

13.4. Серіктестік заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркеліміне бұл туралы жазу енгізілген уақыттан бастап заңды тұлғаның құқықтарын жоғалтады және өз қызметін тоқтатады.

Құрылтайшы:

«Төре балабақшасы» ЖШС директоры

Молдашева Арай Аманжоловна

